



Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

# Аққол

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№32 (8118) 10. 08. 2024.  
Сенбі / Суббота

## 100-ден астам ерекше бала демалды

Ақши ауылы Алакөл жағалауындағы ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған «Жансая» жазғы сауықтыру лагерінде биылғы жазғы маусым басталғалы 103 бала ата-анасымен (заңды өкілдерімен) бірге тегін демалып қайтты. Жалпы осы маусымның соңына дейін мұнда облыстың әр түкпірінен келген 165 бала демалады деп жоспарлануда.

на жол жүруді ұйымдастыруды заңды өкіл немесе ата-анасы тұрғылықты жерінен Үшарал қаласына дейін өз мойнына алады. Одан кейін демалушыны Ақши ауылына, ары қарай лагерьге жеткізуді орталықтың өзі ұйымдастырады, - дейді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев.

Биыл өңірдегі оқушыларда шипалы көл жағасына келіп, түрлі ойын-сауықтар өткізіп, ерекше демалды. Оқушылардың жазғы демалысы қасиетті көлдің жағасында осымен екінші рет ұйымдастырылып отыр.

Айта кетейік, аталған орталықта 40 орын қарастырылған. Бұрынғы жергілікті әкімдіктің резиденциясының ғимаратына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, былтыр балаларға табысталды.

«Баламды осындай керемет жерде ем алып, жазда демалғанына қуанып отырмын. Былтыр да осы жерге келіп, ерекше әсерге бөленген болатынбыз. Облыстық білім басқармасына алғысымды айтқым келеді. Балалар жайлы жағдай жасаған облыс әкімдігіне де ризашылығымды білдіремін», - дейді көпбалалы ана Ғазиза Төлепберген.

Алакөл ақпарат.



## Жеке қабылдау

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өңір басшысы А.Абдиновтың аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдауы өтті.

Аудан басшысының қабылдауына келген тұрғындардың басым көпшілігінің өтініштері тұрғын үй кезегі, жер мәселесіне қатысты болды. Қабылдауда жиі көтерілгені – тұрғын үй қорынан баспана алу мәселесі. Осы сұрақпен жүгінген азаматтардың барлығына қолданыстағы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде баспана белгіленген тәртіппен және кезек ретімен берілетіндігі түсіндірілді.

Жалпы аудан әкімінің қабылдауына 12 азамат жеке мәселесімен келді. Тұрғындарды толғандырған барлық сауалдарға нақты жауаптар берілді. Кейбір сұрақтар бойынша өңір басшысы құзырлы мемлекеттік мекеме басшылары мен округ әкімдеріне тиісті тапсырмалар беріп, жедел шешімін қажет ететін өткір мәселелерді аудан әкімі өзінің ерекше бақылауына алды.

А.МҰРАТ,

аудан әкімінің баспасөз хатшысы.

### АЛАКӨЛДЕГІ ЛАГЕРЬДЕ ЖАЗ МАУСЫМЫ БАСТАЛҒАЛЫ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР 100-ДЕН АСТАМ БАЛА ДЕМАЛДЫ



Өңірде мүмкіндігі шектеулі және әлеуметтік осал топ өкілдерінің арасынан шыққан оқушы балаларды арнайы сауықтыру орталықтарында демалдыру жұмысы биыл қарқынды жүрді. Соның нәтижесінде өңірде 103 бала тегін

демалған. Маусым аяғына дейін тағы 62 оқушы келіп қосылады.

Әрбір бала бес тәулік демалады. Балаларды қабылдау I-III топтағы мүгедектігі бар баланың тіркелген жері бойынша дәрігердің ұсынысы негізінде іске асады. Сауықтыру орталығы-

## Баспасөз туры өтті

Алакөл ауданының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды Республика, облыс деңгейінде насихаттап, халық назарына ұсыну мақсатында 29-31 шілде күндері аралығында Алакөл ауданында баспасөз туры өткізілді.

Ауқымды шараға Республикалық «Егемен Қазақстан», «Евразия» телеарнасы, «Қазақстан» ұлттық арнасы, «24 KZ» арнасы, «Адырна» ұлттық порталы, Жетісу облыстық өңірлік коммуникациялар қызметі, облыстық «Жетісу» газеті, «Жетісу» телеарнасы, «Вестник Жетісу» газеті, «Жетісу» радиосының журналистері арнайы шақырылды.

Баспасөз турында Алакөл ауданы, Лепсі ауылындағы «Лепсі өнімдері» бал зауыты, Лепсі спорт кешенінің құрылыс жұмыстары, Екпінді ауылын-



дағы ауыз су жүйесінің құрылыс жұмыстары, Қабанбай ауылдағы мүмкіншілігі шектеулі аудан тұрғындарына арналған 10 жалға берілетін тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары, «Volat Group LTD» ЖШС-гінің тамшылатып суару технологиясын пайдаланып сепкен қант қызылшасы алқабы, Дос-

тық ауылындағы «Dostyq cargo service» және «ETT Dostyq» жүк тиеу терминалдары мен Ақши ауылының сол жақ жағалауында орналасқан «Жансая» оңалту орталығының жұмыс барысы көрсетіліп, нысан басшылары атқарылып жатқан жұмыстарын таныстырып өтті.

3 күнге созылған баспасөз турында аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов журналисттер қауымын қабылдап, ақпараттық сүйемелдеу жұмыстарына қолдау білдіргені үшін алғыс хат пен арнайы естелік сыйлықтар тарту етті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

### Жетісу облысы Алакөл ауданы Арқарлы ауылдық округіне сайланған әкімін тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2024 жылғы «4» тамызда болған Жетісу облысы Алакөл ауданы Арқарлы ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындысы туралы сайлау комиссиясы хаттамасының негізінде Алакөл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы:

1990 жылы туған, Алакөл ауданы Арқарлы ауылының тұрғыны, Арқарлы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Коныров Ержан Талғатовичті Жетісу облысы Алакөл ауданы Арқарлы ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

Алакөл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.



# ҰСТАНЫМЫМЫЗ – ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП

Бас прокуратураның алқасында биылғы жарты жылда прокуратура органдарының заңдылықты сақтау, құқық тәртібін қамтамасыз ету және қылмыстылықпен күрес бойынша қадағалау қызметінің нәтижелерін тыңдадық. Прокуратураның күш-жігері қылмыс аясына тартылған адамдардың конституциялық құқықтарын қорғауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етуге, өтініштерін жан-жақты және әділ қарауға, жалпы жұртшылықтың көкейінде жүрген басқа да мәселелерді шешуге бағытталған.

Одан бөлек, біз ел Президентінің инвестициялық жобаларды сүйемелдеу, бизнесті қорғау жөніндегі және басқа да тапсырмаларын орындап келеміз.

Ұрланған активтерді мемлекетке қайтару туралы тапсырманың маңызын ерекше атаймыз.

Былтыр «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қабылданды. Оны іске асыру үшін Бас прокуратура жанынан аттас комитет құрылды.

Бұл заңды қабылдаудың басты мақсаты – халықтың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, әлеуметтік әділеттілікті, еліміздің халқының игілігі үшін оның экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан орнықты дамуын қамтамасыз ету.

Комитет өзінің міндетін белсенді атқаруда, барлық қажетті құқықтық, материалдық-техникалық және басқа да құралдармен, сондай-ақ штатпен жарақтталған. Бірқатар нәтиже бар. Тек биылдың өзінде мемлекетке 315 млрд теңге, заңсыз қолды болып кеткен 513 мың га жер телімі қайтарылды.

Алғаш рет сот 5,5 млрд теңге тұратын пайда болуы түсініксіз байлық туралы, құны 400 млн зергерлік бұйымдар мен мәдени құндылықтар жөніндегі комитеттің талап-арызын толық көлемде қанағаттандырды. Соттың шешімі толық көлемде орындалды.

Қайтарылған активтер қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына бағытталады. Бірқатар объекті мемлекет меншігіне аударылған соң, олардың бұрынғы иелерінің экономиканың жекелеген секторларындағы монополиялық басымдылығы тоқтатылды. Мысалы, Жетісу облысындағы көлік-логистикалық орталық мемлекетке өткеннен кейін, Қазақстан-Қытай шекарасындағы кәсіпкерлерге көрсетілетін қызмет сапасы артты. Уақытша сақтау қоймасының өткізу мүмкіндігі алты есе өсті.

Алматы, Ақмола, Түркістан облыс-



тарында тәркіленген жерлер ауыл тұрғындарына мал жайылымы және шаруа қожалықтарына пайдалану үшін беріліп, осы өңірлерде жайылымға деген тапшылық азайды.

Бұдан басқа, қонақүйлер, кеңсе ғимараттары, ресторандар, бизнес-орталықтар, ірі қалалардағы шұрайлы жер телімдері, базарлар, теміржол инфрақұрылымдары, қымбат зергерлік бұйымдар мен басқа мүліктер мемлекетке қайтарылды.

Алдымызда әлі де болса атқарылатын жұмыс көп. Қазір комитет елімізде және шетелде орналасқан жүздеген мүлік бойынша талдау жүргізіп жатыр. Миллиондаған доллар тұратын құнды қағаздардың шығу тегі, екі жүз мыңнан аса күдікті бантік транзакциялар мен еліміздегі ондаған ірі кен орны бойынша келісімшарттардың заңдылығы зерделенуде.

Нақты кәсіпорындар бойынша активтердің және мүліктердің пайда болу заңдылығы тексеріліп жатыр. Беделді халықаралық ұйымдар тарапынан қолдау тауып отырмыз. Еуропа Кеңесінің Адам құқықтары және Заң Үстемдігі жөніндегі Бас директорымен активтерді қайтару бойынша бірлескен жоспар әзірлеу және орындау туралы алдын ала келісім жасауға қол жеткіздік.

ЕҚЫҰ халықаралық және ұлттық сарапшыларды тарта отырып, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге көмектесіп жатыр. ЕҚЫҰ бірлесіп активтерді қайтару бойынша кешенді жо-

баны жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылмақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «GlobE Network» ғаламдық жедел желісіне мүше болдық. Ақпарат алмасу мақсатында аталған желінің «Threema» байланыс арнасы орнатылды.

Ақпан айында «Presight» компаниясының (G-42 корпорациясының құрамына кіреді) шығарылған активтерді анықтау жөніндегі сараптау платформасына қосылу туралы келісімшарт жасалды.

Аздаған топтың ел игілігін өз қолдарына заңсыз шоғырландыруы еркін экономикалық дамуға ең басты кедергі болғанын атап өткен жөн. Сондықтан прокуратура бизнесте заңды нарықтық және адал бәсекелестіктің дамуына бәрінша күш салады.

Прокуратура бизнеске бақылау-қадағалау органдары тарапынан жасалатын қысыммен, әсіресе кәсіпкерлерді әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық салаларда заңсыз қудалаумен табандылықпен күрес жүргізіп келеді.

Қазір кәсіпкерлердің қызметін шектеуші мемлекеттік органдардың барлық шешімін прокуратура олардың заңдылығы тұрғысынан алдын ала зерделейді.

Жыл басынан қадағалаудың жаңа құралы «прокурор сүзгісі» арқылы мемлекеттік органдардың жеке бизнеске қатысты 3 мыңға жуық шешімдері өтті. Оның 608-і тексеру тағайындау туралы, ал 2056-сы – әкімшілік іс қозғау жөніндегі қаулылар. Оларды жете талдау арқасында заңсыз тексерулерге және шектеулер қоюға жол берілмеді, сонымен қатар 276 негізсіз айыппұл жойылды.

Жалпы, прокуратура 53 мыңнан астам кәсіпкердің құқығын қорғап, 6 мыңнан астам мемлекеттік органдардың тыйым салу-шектеу шараларын жоюға қол жеткізді. Бұл бағыттағы біздің қызметіміздің маңызды аспектісі – инвестициялық жобаларды сүйемелдеу. «Прокурорлық қалқан» астына шетелдік инвесторлармен қатар ұлттық инвесторлар да алынған.

Бұл жұмыстың басты мәні – инвесторларды жұмыстың бастапқы сәтінен, мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор мен монополистердің актілерінің жобалары мен әрекеттеріне баға бере отырып жобаларды іске асырудың барлық сатысында құқықтық қолдау. Тек өткен жарты жыл ішінде Түркия, БАӘ, Германия, Сингапур, Қытай, Франция, басқа да елдерден келген 350

инвестор осындай қолдауға ие болды. Олардың ел экономикасына үлесі – 6,4 трлн теңге, бұл дегеніміз – жаңа жұмыс орындары, бюджетке түсім, түптеп келгенде – елдің экономикалық әлеуетін арттыру.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында инвестор Ауыл шаруашылығы басқармасынан мал шаруашылығын дамыту үшін заңмен тиесілі субсидияны ала алмаған. Бұл проблема прокуратура араласқаннан кейін ғана шешіліп, кінәлі лауазымды адам жауапкершілікке тартылды.

Павлодарда салық органдары француз инвесторына негізсіз 100 млн теңгеге қосылған құн салығын төлеу туралы хабарлама берген. Прокуратура ол хабарламаның күшін жойып, құқық бұзушылыққа жол берген шенеунік тәртіптік жазаға тартылды.

Алматыда прокуратура кіріскен соң, 18 млрд теңге шамасындағы жобаларды жүзеге асырушы 21 инвестор сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылды.

Қазіргі уақытта прокуратураның бақылауында 32 трлн теңгеге 770 инвестициялық жоба бар. Инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және бизнесті қорғау бойынша басты бағдарымыз – кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз етуші, оның құқықтық, экономикалық және әлеуметтік кепілдіктері анықталған «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Президенттің 2024 жылғы 8 мамырдағы Жарлығын мүлтіксіз орындау.

Аталған құжатты іске асыру алгоритмін маусым айында прокуратурада өткен бизнес-қауымдастықпен кездесу барысында пысықтадық. Оған Парламент депутаттары, Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің жауапты лауазымды адамдары, бизнес-омбудсмен, «Атамекен» ҰКП, «Kazakh Invest», «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ және «Бәйтерек» ҰҰБХ өкілдері қатысты. Іс-шара барысында бизнес өкілдері прокурорлардың инвест-жобаларды сүйемелдеу және олардың проблемаларын шешу бойынша жаңа функциясының маңыздылығын аса ризашылықпен атап өтті.

Экономикалық сектор мен инвестициялық климатты жақсартуға күш салу мен баса назар аудару басқа, әсіресе қылмыстық-құқықтық саладағы қадағалаумен тығыз байланысты.

(Жалғасы 3 бетте)

# ҰСТАНЫМЫМЫЗ – ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП

Көпшілік жағдайда құқық бұзушылықтарды жұмыссыз жүрген адамдар жасайтыны белгілі. Ал дер кезінде іске асырылған инвестициялық жоба дегеніміз жаңа жұмыс орындарын ашуды білдіреді. Яғни елімізге келген инвестиция қылмысты азайтудың маңызды бір шарты бола алады деп айта аламыз.

Жалпы, өткен жылғы осы тектес кезеңмен салыстырғанда елде қылмыстылық 4,9% кеміді (72 575-тен 68 992-ге дейін).

Қылмыс аясына тартылған азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау прокуратураның тұрақты және үздіксіз қадағалауында тұр.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңдылығын қадағалау саласында жыл басынан бері прокурорлар 178 мыңнан астам тергеу органдарының шешімдерін тексерді.

Прокуратура 13 мыңнан аса адамның конституциялық құқықтарын қалпына келтіріп, 1022 адамды негізсіз қылмыстық орбитаға тартуға жол бермеді. Тергеп-тексерудің барлық сатысына прокурорлардың қатысуы азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуын екі есеге азайтуға мүмкіндік берді.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу және балаларды қылмыстық қол сұғудан қорғау да – прокурорлар үшін маңызды бағыттардың бірі.

Биылғы сәуірде Мемлекет басшысы әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін күшейтетін заңға қол қойды. Заңмен Қылмыстық кодекске түзетулер енгізіліп, енді педофилия мен жас балаларды өлтіргені үшін тек қана өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына кесілетін болды. Қазір осы заңды жүзеге асыру шаралары қабылданып жатыр.

Алаяқтыққа қарсы тұру да біздің назарымыздан тыс қалған емес. Өкінішке қарай, елдің жекелеген аумақтарында мұндай қылмыстардың саны, оның ішінде интернет-алаяқтық 4%-ға (яғни 9545-тен 9936-ке), биыл 10,4%-ға өсіп отыр (20,5 мыңнан 22,6 мыңға). Дей тұрғанмен мұндай қылмыстардың алдын алу және олармен күресу мақсатында күштеу органдары және басқа да уәкілетті органдар үздіксіз, кешенді, жоспарлы жұмыстар жасап жүр. Мысалы, тек кейінгі екі жыл ішінде 58 млн телефон қоңыраулары, оның ішінде бұрмаланған номерлерден жасалған қоңыраулар бұғатталды.

Одан басқа Бас прокуратураның үйлестіруімен өткен жылғы қыркүйекте күштеу органдары мен басқа да мемлекеттік органдардың бірлескен бұйрығымен бекітілген кешенді шаралар жүзеге асырылып жатыр.

Заңнамаға бірқатар өзгеріс күтілуде, соның ішінде алаяқтық белгісі болған жағдайда клиенттердің шағымы бойынша оның ақшасын алуға тыйым салу

бар. Өткен жылдан бері азаптау қылмыстары толықтай прокуратураның тергеулік құзыретіне өтті. Ыстанбұл Хаттамасына сәйкес азаптау туралы қылмыстық істерді тергеу жөніндегі Нұсқаулық пен Методика және арыздарды тіркеу мен кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу Алгоритмін бекіттік.

Ақмола және Қарағанды облыстарындағы қоғамнан оқшаулау мекемелерінде орын алған азаптаулар бойынша резонансты істер соттың қарауына жолданды.

Қабылданған профилактикалық шаралар арқасында азаптау фактілері бойынша қылмыстық істердің саны 31,3%-ға азайды (99-дан 68-ге).

Прокуратура қызметінің конституциялық басты бағытының бірі – мемлекеттік айыптауды қолдау арқылы соттарда мемлекет мүддесін білдіру.

Бұл біздің құқықтық қудалау және құқық қорғау функцияларымыздың түйісетін жері. Сотта айыптаудан бас тарту да сирек емес.

Ағымдағы жылғы 6 айда Жоғары сотқа 170 адамға қатысты Бас прокурордың 113 наразылығы енгізіліп, 82 адамның жаза мерзімдері қысқартылды немесе айыптау жеңілдетілді, қосымша жазалары алынып тасталды және басқа шаралар қабылданды. Төрт адам толық ақталды.

Сонымен қатар мемлекеттік айыптауды қолдау сапасына, прокурорлардың біліктілігін арттыруға да көңіл бөлініп отыр. Мысалы, осы жылы қыркүйекте «Алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуде мемлекеттік айыптауды қолдаудың өзекті мәселелері» тақырыбында мемлекеттік айыптаушылар форумын өткізуді жоспарлап отырмыз.

Бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі жағдай прокурорлардың тұрақты бақылауында, ондай бақылау бейнекамералар мониторингі арқылы да жүзеге асырылады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде азаптауға жол бермеу бойынша қабылданған шаралар да оң нәтиже беруде (12 ден 4-ке дейін азайды).

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде азаптауға жол бермеу бойынша қабылданған шаралар оң нәтиже беріп келеді.

Осы жылы медициналық көмектің сапасы, өз-өзіне қол жұмсауға жол бермеу сияқты пенитенциарлық жүйенің өзекті мәселелерін шешуге назар аударып отырмыз.

Мемлекет қабылдап отырған заңдылықты нығайту, құқық тәртібі және қылмыспен күресті күшейту жөніндегі шаралардың да нәтижесі байқалады. Атап айтсақ, Заң үстемдігі индексі бойынша Қазақстан төрт жыл қатарынан құқық тәртібі және қауіпсіздік рейтингінде өз көрсеткіштерін жақсартып келеді (2020 ж. – 0,78, 2021 ж. – 0,79, 2022 ж. – 0,80, 2023

ж. – 0,80). Прокуратура органдары мемлекеттің конституциялық құндылықтарын нәтижелі қорғау және бұзуға жол бермеу мақсатында заңнаманы жетілдіру жұмысына белсенді қатысады.

Бұл бағытта Конституциялық сотпен өзара серіктесе отырып, жұмыс істеуге басты назар аударамыз.

Прокуратура өзінің қадағалау функцияларын жүзеге асыра отырып, Конституциялық соттың шешімдерінің орындалуына зор үлес қосуда, өйткені – олар азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың бірден-бір кепілі екені сөзсіз.

Прокурорлар 15 мың қылмыстық, 4,5 мың азаматтық істердің Конституциялық соттың шешімдеріне сәйкестігін тексеріп, сотталған адамдардың 3 мың арыз-шағымын, сондай-ақ сотқа дейінгі сатыда бұлтартпау шараларын қолдану туралы 3,5 мың материалды зерделеді. Нәтижесінде, 26 адамның құқығы қалпына келтірілді, оның бірқатары Конституциялық соттың шешімін орындамай жүрген уәкілетті органдарға 13 қадағалау актісін енгізе отырып жасалды. Мысалы, Абай, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында 20 млн теңгеге азаматтардың зейнеткерлік құқықтары қалпына келтірілді.

Осы жылы Конституциялық сот Бас прокурордың 2 өтінішін қарап, нормативтік қаулы шығарды.

Біріншісі, прокурордың санкциясымен тұрғын үйден айыруға жол бермеу. Конституциялық сот шешім қабылдаған сәттен бастап прокурорлар бірде-бір санкция бермеді.

Екінші өтініш бойынша Конституцияның 83-бабына ресми түсіндіру берілді. Конституциялық сот қабылдаған қаулы соттарда мемлекет мүддесін білдірудегі прокурорлардың рөлі туралы. Бірқатар процессуалды әрекетті прокурордың қатысуынсыз тергеу соттарында санкциялауға қатысты құқықтық кемшіліктер жойылды.

Мамыр айында конституциялық бақылау органының шешімдерін орындаудың тиімділігін арттыру мәселесін талқылау мақсатында Конституциялық сот төрағасы және судьяларымен кездесу өткіздік.

Прокуратура жұмысының маңызды бағыттарының бірі – халықаралық қатынастар. Осы жылы Кипрмен сотталғандарды беру, Қатар мемлекетімен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және беру жөніндегі халықаралық келісімдерге қол қойылды. Парламентте Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы заң жобасы қаралып жатыр.

Қазақстанда қылмыс жасап, шетелде жасырынып жүрген адамдарды қылмыс-

тық жауапкершілікке тарту мақсатында қайтару үшін бірқатар елдің құзырлы мекемелерімен қарым-қатынас орнатылуда. Жалпы, жыл басынан бері Ресей, БАӘ, Испания, Чехия, Польша, Түркия және басқа елден халықаралық іздеуде жүрген 29 адам экстрадицияланды.

Мысалы, Польшадан психотропты заттарды заңсыз айналымға салғаны және өткізгені үшін іздеуде жүрген трансұлттық қылмыстық топтың басшысы берілді. Испания 800 адамды 1 млрд теңгеге және Грузия 600 адамды 3 млрд теңгеге алдап кеткен қаржы пирамидаларын ұйымдастырған алаяқтарды берді.

Жаһандық қатерлерге қарсы іс-қимыл өңірлік хабы қызметінің аясында Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы 771 тыңдаушы үшін 30 оқыту өткізді. Тыңдаушылардың арасында шетелден, халықаралық ұйымдардан келгендер де болды, оның ішінде АҚШ-тан, Тәжікстаннан, Литвадан, Украинадан және басқа елдерден.

Киберқылмыстарға, адам саудасына, қаржы қылмыстарына, сыбайлас жемқорлыққа және осындай басқа да жаһандық қауіптерге қарсы тұру мәселелері бойынша ұлттық жаттықтырушылар дайындау жүргізіліп келеді.

Біздің жұмысымызда басымдық берілетін бағыттардың бірі – Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің әлеуетін арттыру.

Аталған комитет жаңа цифрлы және инновация технологияларды енгізу, жасанды интеллектті қолдану бойынша үлкен жұмыстар жасап жатыр. Прокурордың соттағы сөзін дайындау үшін жасанды интеллект технологиясын қолданатын инновациялық модуль әзірленді.

Қылмыстық және әкімшілік сот өндірістері, тексерулер тағайындау, азаматтардың өтініштеріне қарау цифрланды. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімі, Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі, «Талдау орталығы», «Құқық қорғау, арнайы және басқа да органдардың ақпарат алмасу жүйесі» және «Қадағалау» БАТЖ жасалып, жұмыс атқарылып жатыр.

Бас прокуратура әрі қарай да Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстан тұжырымдамасында атап өткен «Заң» және «Тәртіп» қағидасына сай заң үстемдігін нығайту үшін өз жұмысын жетілдіруді жоспарлап отыр.

**Берік АСЫЛОВ,**

**Қазақстан Республикасының**

**Бас прокуроры.**



# Ұлт мақтанышы – Абай

Абай поэзиясы – қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Тек қана Абай өлеңдерінен қазақ даласының табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі, ұлттық ерекшелік қасиеттері түгел көрініп, сезіледі. Ұлы ақын «Абайдың қазақ әдебиетіне XIX ғасырда және XX ғасырда еткен әсері аса мол. Абайдың өзін көрмей, сөзін оқу арқылы, естіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық турасына арнап көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар. Әсіресе, бұлардың саны, Абай шығармалары қазақ сахарасына жайыла бастаған сайын молая түскен», - дейді Мұхтар Әуезов.

Абайдың қазақ әдебиеті алдындағы ұлы қызметі оның ұлттық әдебиетте шындық дегеннің не екеніне бірнеше рет көңіл аударып, оны тұңғыш аша білуі деуге болады. Ол - қазақ әдебиетінде әйелдердің тағдырына бірінші көңіл бөлген ақын. Оның кіршіксіз, таза, терең сезіміне үңілді, ананы, даналықты, достыққа берік адал сезімді жырлады. Абай кедей ақындардың күнкөріс кәсібіне айналып, бағасы түскен өлең сөзді өз биігіне қойып, оқырманның тыңдаушының талғамын тәрбиелеуге белсенді араласты. Ақынның бұл саладағы ұлы қызметі орыстың

классикалық әдебиеті эстетикасымен, Белинский, Чернышевский көзқарастарымен ұштасып жататыны ғылымда әлдеқашан дәлелденген.

Абай нағыз адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді. Абай шығармашылығындағы сондай-ақ адам бойындағы қайырымдылық, қанағат секілді адамның қалыптасуына себепші иманды қасиеттер де талданған. Кант, Достоевский тәрізді ұлы гуманистер «қайырымдылық», «қарапайымдылық» секілді ұғымдарды тұлғаны қалыптастыратын

басты белгі деп қарастырған. Нағыз адамды білімділік, ақылдылық, біліктілік, ғылымсүйгіштік қасиеттер анықтайды деп тұжырымдайды. Дана ақынның пайымынша, адамшылықтың мұратына жетудің негізгі құралы - шығармашылық ойлау. Абайдың айтуында, ой кісіге табиғат құбылыстарын ғана емес, адам өмірін талдау, қорыту, салыстыру үшін берілген. Нағыз адам мұратына жетудің екінші шартын Абай еңбек, қызмет деп есептейді. Ақын еңбек туралы да жаңа сөз айта алды. Ол қазақ қоғамында еңбек туралы жаңа түсінік қалыптастырды. Абай-

дың айтуынша, еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. Еңбектің өмір сүру құралы екендігін баршаға насихаттайды. Ғылымды игеру, тану, білімді болу – табан ақы маңдай тердің, еңбектің мәні. Сондықтан ақын еңбек пен мақсатты өлеңдерінде асқақтата жырлады.

Абай қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет өз заманында халықты толғандырған қоғамдық және саяси өмір проблемаларын күн тәртібіне қойды. Ол қазақ қоғамының қайшылықты жақтары, замандастарының алауыз берекесіздігін, патшаның отаршылдық саясаты қоздырып отырған рулық тартыстардың елдің бірлігіне келтірген зиянын қатты сынай отырып, еңбекші елге іш тартты, халықты озық мәдениетке сүйреді. Ол халықтардың оңашаланып өмір сүретін дәурені өткенін, ендігі жерде ел болудың кепілі - дамыған көрші елдермен қарым-қатынас жасауда екенін айтты. Елді сол жолда бірігуге, ынтымақтастыққа шақырды. Уақыт талабын заманынан оза шауып түсіну - Абай даналығы-

ның белгісі. Ол шындықтың ақыны болып туды, солай өмір сүрді. Оның өлеңдерін оқи отырып, одан жалғандық табу қиын. Өлеңдерінен қазақтың ұлттық табиғатына тән шындық мөлдіреп көз алдына келеді. Ұлы суреткер есебінде Абай оны көркем бейнелеудің жаңа жолын тапты. Оның өлеңдері өзінің қарапайымдылығымен, табиғилығымен құйылып, ойға, сезімге ұялайды. Сондықтан ол қазақ әдебиетіндегі тұңғыш ұлы суреткер саналады. Абай ақын боп сөз жазып қана отырмаған, өз өлеңіне өзі ән шығарып таратқан. Оның композиторлық шығармашылығы біздің халықта ерекше бағаланады. Қазақ даласында бірінші шырқалған Татьяна тек Пушкинді ғана насихаттап, халыққа таратып қана қойған жоқ, сүйгеніне қосыла алмаған мұңды орыс қызын қазақпен байланыстырды. Абайдың жастайынан көргені, естігені – халық әдебиеті, бай фольклор, жеке ақындар творчествосы болды. Жасынан әке ырқымен ел ісіне араласқан Абай сөз сырын жақсы білді, дау ұстағандардың талай сынынан өтті, шешен атанды, төбе билікке де сайланды.

Алақол ақпарат.

## Абай күні - ұлықты мереке



## Қазақ руханиятының тірегі

Бүгін, 10 тамыз – Абай күні. 2020 жылдың 5 тамызында Үкімет қаулысының негізінде 10 тамыз «Абай күні» дейтін мерекелік дата болып бекітілген болатын.

Абай күні ретінде 10 тамыздың белгіленуі бекер емес. Ғылыми ортада ойшылдың туған күні туралы екі түрлі нұсқа болғанымен, жылдар бойы 10 тамыз ресми түрде Абай Құнанбайұлының туған күні ретінде таңбаланып келді. Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында осы дата күнтізбеге Абай күні ретінде ресми бекітілген еді.

«Абай – қазақтың төлқұжаты» деген қанатты сөз біртіндеп шындыққа айналып келеді.

Ақынның азан шақырып қойған аты – Ибраһим. 1845 жылы қазіргі Абай облысының Абай ауданындағы Қарауыл ауылында дүниеге келген. «Сегіз аяқ» дейтін толғауында өз айтқандай, Құнанбайдың Ұлжан атты әйелінен тараған төрт баланың екіншісі осы Ибраһим еді. Оның өз кіндігінен Ақылбай, Хакімбай, Әбдірахман, Мағауия, Күлбадан, Райхан, Турағұл, Мекаил, Ізкаи, Кенже есімді балалар тараған. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін мен екінші дүниежүзілік соғыс Абай әулетінің де шаңырағын ортасына түсіріп кетті деуге болады. Қазақтың шежірені ұл баламен тарататынын ескерсек, ашық көздер-

дегі дерек бойынша, ойшылдың тұңғыш ұлы Ақылбайдан тараған бесінші буындағы ұрпағы Данияр Ақылбаев қазір Алматыда тұрып жатыр. Дана, Кәмила, Меруерт деген перзенттері бар.

Ақылының толысып, абыройының кемеліне келген шағында Абай билікке араласып, 1875-78 жылдар аралығында болыстық құрғаны тарихтан белгілі. Артында, жүздеген өлеңі мен ондаған әні, поэмалары мен 50-ге жуық «қара сөзі» қалды.

Орыс әдебиетінен Пушкин мен Крыловты, Батыс әдебиетінен Гете мен Байронды аударды. «Масфұт», «Ескендір» поэмаларын оқыған адам ақынның Шығыс әдебиетінің жауһарларымен етене таныс болғанына көз жеткізеді. Батыс пен Шығыс әдебиетін тел еміп, одан алған азығымен қазақ әдебиетін байытқан ойшылды ұлт руханиятының реформаторына теңейтіндер бар. 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Абай шығармалары француз, ағылшын, орыс, араб, испан, қытай, түрік, жапон, неміс, италиян, грузин, иврит, қырғыз, малай, моңғол, нидерланд, португал, украин, өзбек, хинди тілдеріне аударылып, жеке-жеке кітап болып шықты. Республика бойынша 31 елді мекен, 1300-ге жуық көше мен даңғыл, 100-ден аса білім мекемесі ойшыл ақынның есімімен аталады.

Алақол ақпарат.

**Абай адамзаттың Абайы. Оның терең пәлсапасы, мазмұнды һәм мағыналы қара сөздері, надан болмай, адам болуға шақыратын мәңгілік шығармалары, рухани мол мұрасы, классикалық әндері күллі адамзатқа ортақ.**

Немістер Гетесімен, орыстар Пушкинімен мақтанады. Ал біз халқымызды өркениеттің өріне қарай жетелеген, қалың елдің Абайымен мақтана аламыз. Абай ешкімге ұқсамайтын болмысымен, асқан дарынымен әлемдік дәрежедегі дара тұлға болып қала бермек. Ол қазақтың қасиетті топырағы тудырған әлемнің перзенті.

Өйткені, ақынның дүниетанымы, озат ойлары, салмақты сөздері, өзектілігін жоймайтын пәлсапасы қай жерде, қай ортада, қай елде болмасын өтімді әрі актаулы. Оның адамзатқа ауадай қажет туындылары ешқашан өлмейді. Керісінше зерделеніп, зерттеле береді.

Расында, «Мен бір жұмбақ

адаммын...» - деген ғұламаның сырлы әлемі әлі де жұмбақ. Абайды оқыған сайын жаңарып, тазара бересің. Тереңіне бойлаған сайын ойлана түсесің. Мына сұлу дүние есігін ашып, рухани құндылыққа ұмтылғысы келген әрбір адам, Абайдың шығармаларымен етене танысу керек. Өйткені, Абай қай заманда болмасын ұлы кемеңгер болып қалады. Абайдың ойы, ақынның толғанысы, данышпанның қайғысы – бүтіндей тіршіліктің үні, тұтас қоғамның сөзі деп ұғынатын уақыт келді. Абай адамзат тарихында енді қайтып келмейтін тұлға.

Иә, Абай надандықтың құлпы, адамдықтың кілті. Абай мектебі – руханияттың кәусар бұлағы! Оның тағлымын таныған кісі кемел келешекке бет бұратыны ақиқат. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен озым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық» - дейді данышпан. Демек, біз Абай-

дың жарық, нұрлы әлемімен сусындаған сайын, ғылым, білімге ұмтылып, өнер үйренеміз. Ондай адамның болашағы бұлыңғыр тартпасы хақ.

Ұлы хәкімнің 175 жылдық мерейтойы қарсаңында, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының ұсынысымен Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев 10 тамызды «Абай күні» деп белгіледі. Бұл расында көңіл қуантарлық жаңалық болды. Шын мәнісінде «Абай күні» жай ғана атаулы күн емес. «Абай күні» – руханият мерекесі. Дәл осы күні әрбір адам баласы Абайды қаншалықты тани алдым, қаншалықты зерттей алдым, қаншалықты жүрегінің түбіне терең бойлай алдым деп, өз-өзіне сұрақ қойып, соған жауап беруі тиіс деп есептейміз. Анығында, «Абай күні» рухани жаңғырудың жарқын үлгісі.

Өз тілшіміз.



развитии казахской государственности.

Наши идеалы - это Независимость, единство, согласие и процветание. Наш исторический выбор - это светское государство и общество, прогрессивное, миролюбивое, открытое и толерантное. Многообразный, многонациональный, многоконфессиональный Казахстан главным своим принципом выбрал мир и культуру диалога, показывая пример для всего мира. Можно жить вместе, будучи разными,

# Согласие, единство и верность нашим традициям

Президент Республики Казахстан К.Токаев заявил, что за годы независимости в Казахстане сформировалась новая общенациональная идентичность. По его мнению, бирюзовый паспорт и небесно-голубой флаг — это реальные символы нашей идентичности, обусловленные самой историей и находящие живой отклик в сердцах миллионов людей.

— Паспорт Казахстана олицетворяет прогрессивные ценности, на которых основано наше единство и согласие. В свою очередь наш небесно-голубой флаг ярко воплощает в себе нашу священную независимость и многовековую государственность. Всякий раз, когда наш стяг возносится ввысь на крупнейших международных соревнованиях, нас переполняет чувство гордости за свою страну. наших прославленных соотечественников, спортсменов, предпринимателей, деятелей культуры, ученых и студентов, независимо от их этнической принадлежности, за рубежом всегда называют казахами. И это естественно, так и должно быть, — подчеркнул Глава государства.

Президент полагает, что наше общество представляет собой союз свободных и ответственных граждан, объединенных общими идеалами и ценностями. И это еще одно яркое проявление нашей общенациональной идентичности. По его словам, сегодня все наши граждане ощущают себя членами одной большой и единой казахской семьи, по сути, нации.

Согласие и единство, верность нашим традициям и нравственным ценностям — важнейшие условия стабильного и динамического развития общества и страны в целом.

Поэтому важной задачей остается сохранение мира, согласия и взаимопонимания. Единство одна из основополагающих принципов деятельности профсоюзов, который позволит вместе созидать и строить будущее.

Наше главное достояние, богатство — единство. Еще великий Абай в «Словах назиданиях» высказал мысль о том, что «там, где нет согласия, — нет единства, где нет единства — нет благополучия». В этом аспекте очень важна деятельность Ассамблеи народа Казахстана, основная цель которой — это формирование в обществе единства и согласия. Наш народ обладает высокодуховными традициями. Это почитание старших, уважение младших. Добрые отношения с соседом. Казахстан — страна, где проживают представители многих наций и народностей. Существовая в мире, согласии и дружбе, трудятся в разных сферах жизнедеятельности общества казахи и русские, татары и немцы, украинцы и корейцы. Единство, межнациональное согласие и политическая стабильность — это выбор казахстанцев. Вообще, стремление к человеческой дружбе и согласию есть в культурах всех народов, но в казахстанцах это чувство развито особенно. — Это от щедрости казахской земли, от казахского народа, который распахнул свои широкие объятия сосланным сюда народам, от его доброй души. Все, кто живет на этой земле, должны знать язык, историю и традиции казахского народа. Весь секрет единства и солидарности живущих в Казахстане кроется именно в этом. Дружба и согласие — это залог процветания в будущем. Поэтому важно знать историю, традиции страны. Поэтому необходимо знать батыров, участвовавших в становлении и

исповедуя различные верования и говоря на разных языках. Идею эту признают многие, но только считанные страны проводят ее в жизнь. Единство народа на основе общих духовно-нравственных ценностей является источником казахстанского национального духа. Нас объединяют любовь к нашему общему дому — Казахстану, согласие по отношению к истории нашей древней земли и развитию языков, глубокая вера в настоящее и великое будущее нашего государства и ее граждан, что составляет основу нашей Вечной Родины — Мәңгілік Ел. Нашу страну должны представлять люди, которые могут успешно конкурировать на рынке труда, в интеллектуальной и творческой областях жизни. Время потребовало новый тип личности, умеющей выживать в сложных условиях. Это должна быть духовно — нравственная, физически здоровая, активная личность с высокоразвитым чувством гражданственности, патриотизма и толерантности. Мы созданы все разными по характеру, темпераменту и национальности. То, что мы разные, не означает, что кто-то лучше, а кто-то хуже.

Наша задача сохранить и развить это разнообразие. Убедить наших детей в том, что любой другой человек нравственно равен тебе самому, у него нет преимуществ перед тобой, и — наоборот, у тебя нет преимуществ перед другим. Бережно относиться друг к другу, быть более терпеливыми, уважать язык, культуру любого народа, проживающего на территории страны, ведь многонациональность и единство наций — главное преимущество нашей страны.

Ш. АСИНА.



доходности в отдельном периоде, повлиявшем на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на

## О чистом инвестиционном доходе казахстанцев

За 6 месяцев 2024 года чистый инвестиционный доход казахстанцев превысил 1,2 трлн тенге, что больше в 2,1 раза показателя аналогичного периода прошлого года (или на 638,4 млрд тенге), и стал практически на уровне внесенных с начала года взносов, сумма которых составила 1,3 трлн тенге.

Доходность пенсионных активов ЕНПФ, образованных за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), добровольных пенсионных взносов (ДПВ), распределенная на счета вкладчиков (получателей) за 6 месяцев 2024 г., составила 6,59% при инфляции с начала года по состоянию на 01.07.2024 г. 3,9%. Если рассматривать доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, то она составила 13,08% при инфляции за этот период 8,4%.

Доходность пенсионных активов ЕНПФ, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), по состоянию на 1 июля 2024 г. составила 1,84%.

Инвестиционный доход складывается из доходов в виде вознаграждения по финансовым инструментам (по ценным бумагам, вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д. Для сохранения пенсионных активов и получения доходности Национальный Банк Республики Казахстан (НБРК) и управляющие инвестиционным портфелем (УИП) постоянно диверсифицируют инвестиционный портфель. То есть активы инвестируются в разные финансовые инструменты, валюты и регулярно перераспределяются с учетом ситуации. Такая диверсификация приводит к положительным результатам и обеспечивает устойчивую инвестиционную доходность.

Отметим, что пенсионные накопления - это долгосрочные инвестиции, и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее года. Так, к примеру, инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году на 1 июля 2024 года нарастающим итогом составила 876,87% при инфляции за весь период 787,63%. Таким образом накопленный инвестиционный доход в долгосрочном периоде превышает инфляцию.

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. В случаях снижения

выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Много интересной и полезной информации, в том числе интервью экспертов накопительной пенсионной системы об инвестировании пенсионных активов, - на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ.

